

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт
министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері
комитетінің Төрағасы



Есеналин Р.Б.

«26» 03 2026 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Футбол Федерациясы»
Қауымдастығы» ЗТБ
Бас хатшының міндетін атқарушы



Кеплин А.А.

«26» 03 2026 ж.

**2026 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ 2012-2013 Ж.Т. ҚЫЗДАР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
ФУТБОЛДАН «БАЛҒЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Астана қ., 2026 жыл

1. ЖАРЫСТЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗУ КҮНІ МЕН ОРНЫ, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУ ЖӘНЕ КЕТУ КҮНІ

1.1. Жарыстың атауы: 2026 жылғы маусымдағы қыздар командалары арасындағы «Балғын» республикалық футбол турнирі (бұдан әрі – Жарыс): 2012-2013 ж.т. қыздар командалары арасында өткізіледі.

1.2. Жарыс өңірлік құрама командаларды жасақтау және Қазақстан футбол федерациясының (бұдан әрі – ҚФФ) әйелдер футболы жүйесінде одан әрі қолдау көрсету үшін перспективалы футболшы қыздарды сәйкестендіру және бастапқы іріктеу жүйесінің бөлігі болып табылады.

1.3. Жарыстың мақсаттары мен міндеттері:

- Қазақстан Республикасында әйелдер футболын дамыту;
- футбол клубтарының қыздар командалары ойыншыларының сапалы оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру үшін жарыстарды өткізудің жүйелілігін қамтамасыз ету;
- футбол ортасында жыныстық белгісі, нәсілі, діни және ұлттық тиесілігі бойынша кемсітушілікке жол бермеуді қамтамасыз ету және оған бақылау жасау;
- команда ойыншыларының Жарысқа қатысуы үшін көзделген медициналық-санитарлық және антидопингтік талаптарды сақтауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының құрама командалары үшін ойыншыларды дайындау;
- кәсіби ойыншыларды оқыту және тәрбиелеу, оларды негізгі өңірлік команда үшін, сондай-ақ басқа да қазақстандық футбол клубтары үшін дайындау.

1.3. Жарысты жалпы ұйымдастыруды, өткізуді және оның өткізілуін бақылауды Қазақстан футбол федерациясы (бұдан әрі – ҚФФ) жүзеге асырады.

1.4. Жарысты тікелей ұйымдастыруды, өткізуді және басқаруды ҚФФ Балалар-жасөспірімдер және әйелдер футболы бойынша жарыстарды өткізу дирекциясы (бұдан әрі – БЖФД) ҚФФ Әйелдер футболы бөлімімен (бұдан әрі – ӘФБ) және ҚФФ Элиталық жасөспірімдер футболы және таланттарды сәйкестендіру бөлімімен (бұдан әрі – ЭЖФЖАТ бөлімі), сондай-ақ Жарыстың Төрешілер алқасын құратын ҚФФ төрелік ету, инспекциялау және VAR-ды дамыту департаментімен (бұдан әрі – ТжИД) бірлесіп жүзеге асырады. Төрешілер алқасының құрамына келесілер кіреді: Төрешілер алқасының құрамына Жарыстың Бас төрешісі, Жарыс хатшысы, Төраға және/немесе ҚФФ Төрешілер комитетінің атынан қатысатын өзге де тұлға кіруі тиіс. Төрешілер алқасының құрамына сондай-ақ БЖФД, ЭЖФЖАТ бөлімі және ТжИД қызметкерлері де кіре алады.

Жарыс Қазақстан Республикасының футбол таланттарын анықтау және дамыту ұлттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады, ол ЭЖФЖАТ бөлімі арқылы жүзеге асырылады. Жарыстың матчтары ЭЖФЖАТ бөлімі тарапынан жасөспірімдер ұлттық құрамаларына үміткерлердің ұлттық қорын қалыптастыру және жаңарту мақсатында перспективті ойыншыларды бақылау, талдау және бағалау үшін ресми алаң ретінде қолданылады. ЭЖФЖАТ бөлімі Жарыстың матчтарын орталықтандырылған және өңірлік бақылау жүргізуге, соның ішінде ұлттық және өңірлік скауттарды тартуға, сондай-ақ матчтардың бейнематериалдарын аналитикалық және әдістемелік мақсаттарда пайдалануға құқылы.

1.5. Төрелік ету Халықаралық футбол қауымдастықтары кеңесі (IFAB) бекіткен «Футбол ойыны ережелерінің» қолданыстағы редакциясына сәйкес жүзеге асырылады.


1.6. Жарыстың Бас төрешілері мен хатшыларын ҚФФ Төрешілер комитеті тағайындайды.

1.7. Жарыс матчтарына матч төрешілері, матч төрешісінің көмекшілері, сондай-ақ қажет болған жағдайда қосалқы төреші тағайындалады.

1.8. Әр матчтың ұзақтығы: 2 тайм – әрқайсысы 40 минут. Таймдар арасындағы үзіліс – 15 минут.

Жарысты өткізу кезінде ҚФФ спорттық нәтижеден гөрі ойыншылардың даму басымдығын негізге алады. Жарыс бірінші кезекте оқу-жаттығу процесінің элементі және перспективалы ойыншыларды анықтау кезеңі ретінде қарастырылады. ЭЖФЖАТ бөлімі ойын уақытының теңгерімділігін, құрам ротациясын және ойыншылардың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге және клубтардың назарына жеткізуге құқылы.

1.9. Сонымен қатар, әр Жарыс матчының толық толтырылған қорытынды протоколы электрондық түрде мына электрондық пошта мекенжайына жіберілуі тиіс: regwomen@kff.kz



Матч протоколдары мен есептердің көшірмелері ағымдағы маусым аяқталғанға дейін Жарыстың Бас төрешілерінде және/немесе хатшыларында сақталуы тиіс.

1.10. Жарысқа қатысушылардың сандық құрамы ҚФФ уәкілетті органының отырысында бекітіледі және 2012- 2013 үлкен емес жасөспірімдердің жас санатында өткізіледі

1.11. Жарысқа қатысатын барлық клубтар өздерінің қатысуын келу және кету күні мен уақытын, сондай-ақ өз командасының тұратын жерін көрсете отырып, жазбаша түрде растауы тиіс. Хаттар келесі мекенжай бойынша жіберілуі тиіс: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі 5а, «Қазақстан футбол федерациясы», 2-қабат, 205-кабинет, БЖФД, e-mail regwomen@kff.kz, Жарыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей.

1.12. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттар және/немесе шектеулердің тізбесі Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу жөніндегі Хаттамада көрсетіледі, ол осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

1.13. Осы Ережеде көзделмеген, Жарысты өткізу барысында туындауы мүмкін мән-жайлар бойынша шешімді БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп қабылдайды.

2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. Жарысқа ЭЖФЖАТ бөлімі жүргізген жұмыстың негізінде жасакталған, өңірлердің құрама командаларының атынан қыздар командалары қатысады.

2.2. Жарыс бір кезеңде өткізіледі. Жарыс форматы мен ойындар күнтізбесін қатысушылардың сандық құрамы анықталғаннан кейін БЖФД ӘФБ-мен бірлесіп бекітеді. БЖФД қатысушылардың сандық құрамы өзгерген жағдайда, сондай-ақ Жарыстың өткізілу сапасына әсер етуі мүмкін басқа да факторлар туындағанда, өткізу форматына, Ойын күнтізбесіне және Жарыс өткізілетін қалаларды белгілеуге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

2.3. Жарыс матчтарының бейнематериалдарын ҚФФ, ЭЖФЖАТ бөлімі және ӘФБ талдау, әдістемелік және селекциялық мақсаттарда, соның ішінде перспективалы ойыншылардың өңірлік және ұлттық тізімдерін қалыптастыру үшін пайдалана алады.

2.4. Жарыс қорытындысы бойынша ЭЖФЖАТ бөлімі ӘФБ-мен бірлесіп, одан әрі қарауға, өңірлік құрамалардың кеңейтілген тізімдеріне енгізуге және ҚФФ-ның кейінгі бағдарламаларына қатысуға ұсынылған ойыншылардың талдамалық тізімдерін жасақтайды.

2.5. Ереже шарттарының бірін орындамау немесе командалардың Жарыс матчтарына қатысудан бас тартуы кінәлі клубқа қатысты «ҚФФ Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолдануға әкеп соғады.

3. МЕДИЦИНА-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ АНТИДОПИНГТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1 Командалар ойыншылардың Жарысқа қатысуы үшін медициналық-санитарлық талаптар мен антидопингтік ережелерді сақтауы тиіс. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты жарыс матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер қолданылуы мүмкін. Қосымша шарттар және/немесе шектеулердің тізбесі Қазақстан аумағында жарыстарды өткізу жөніндегі Хаттамада көрсетіледі, ол осы Ереженің ажырамас бөлігі болып табылады.

3.2 Жарыс барысында медициналық көмекті «Қазақстан футбол федерациясы» ЗТБ қауымдастығы қамтамасыз етеді.

4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

4.1 Өтінім парақтарына клуб басшысы, ойыншыларды медициналық тексеруден өткізген медициналық мекеменің дәрігері қол қояды және тиісті мөрлермен қуәландырылады.



Ескерту: өтінім парақтары ҚФФ логотиптері бар А4 форматында басылған түрде ресімдеуге қабылданады. Жарысқа қатысу үшін мәлімделген барлық ойыншылар БЖФД-да «KFF-connect» платформасында тіркелуі тиіс.

4.2. Команданың өтінім парағына клуб белгіленген тәртіппен тіркеген кемінде 23 ойыншының тегі енгізіледі. Басшылық құрамының ең аз саны – екі адам. Өтінім парағын медициналық мекеме, футбол клубы және тиісті аумақтық бірліктің Жергілікті футбол федерациясының басшысы куәландырады.

4.3. Матч барысында әр команда ойыншыларды шектеусіз алмастыруға құқылы. Кері ауыстыруларға тыйым салынады.

4.4 Матч хаттамасына енгізілген Жарыстың барлық қатысушылары Төрешілер алқасының мүшелеріне жеке

басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқасын ұсынуға міндетті.

4.5 Команда өкілдері матч басталудан 45 минут бұрын матчтың хаттамасына ойыншылардың тегі мен есімін, олардың ойын нөмірлерін көрсете отырып енгізуге міндетті. Матч хаттамасына команданың бас жаттықтырушысы мен дәрігері қол қояды.

4.6 Командаларды іссапарға жіберуге байланысты шығыстарды (екі жаққа жол жүру, сондай-ақ команданың тамақтануы мен тұруы), автокөлікті, футбол алаңдарын жалға алу, Жарыстың бас төрешісіне, хатшысына және Жарысқа қызмет көрсететін дәрігерлерге сыйақы төлеу, жедел медициналық көмек көлігінің болуын қамтамасыз ету, матчтарды бейнежазбаға түсіру жұмыстарын ұйымдастыру шығыстарын ҚФФ көтереді.

4.7 Жарыс матчтарында көрсетілген қызметтер үшін төрешілер мен медициналық персоналға сыйақы төлеу келесі мөлшерде жүргізіледі (бір матчқа шаққанда):

Жарыстың бас төрешісі – 12 000 (он екі мың) теңге.

Матчтың бас төрешісі – 18 000 (он сегіз мың) теңге.

Төрешінің көмекшілері 2 адам – 9 000 теңге (әрқайсысына).

Хатшысы – 4 000 (төрт мың) теңге.

Физиотерапевт (дәрігер) – 6 000 теңге,

5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

5.1 Жарыс жиналған ұпайларды есепке алмай, иеленген орындарды және үздік ойыншыларды анықтамай өткізіледі.

6. НАРАЗЫЛЫҚ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАРАУ

6.1 Наразылықтар ҚФФ жанындағы Бақылау, тәртіптік және әдеп комитетінің (*бұдан әрі – ТБӘК*) отырысында қаралады. Наразылық матч өткізу бөлігінде «Футбол ойыны қағидаларын» сақтамауға және/немесе осы Ереженің талаптарын бұзуға байланысты фактілерге (әрекеттерге немесе әрекетсіздікке) қатысты берілуі мүмкін.

6.2. Қарауға қабылданбайды:


- уақытылы берілмеген наразылықтар;
- матч хаттамасында тіркелмеген наразылықтар;
- төрешіліктің сапасына қатысты наразылықтар.

6.3. Наразылықтың мазмұнында шағым беруге негіз болған себептер, сондай-ақ осы Ережені бұзуға және/немесе «Футбол ойыны қағидаларын» сақтамауға байланысты мән-жайлар егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс.

6.4. Жаттықтырушы матч аяқталғаннан кейін бір сағаттан кешіктірмей наразылық беруге құқылы және бұл туралы жарыстың бас төрешісіне дереу хабарлауға міндетті. Наразылық беру фактісі (қысқаша мазмұны) матч хаттамасында көрсетіледі.

6.5. Қарсылас команданың өкілі наразылық берілгені туралы хабардар етілуі тиіс, бұл жөнінде матч хаттамасына тиісті жазба енгізіледі.

6.6. Жаттықтырушы қол қойған наразылықтың толық мазмұны бар өтініш матч аяқталған сәттен бастап 24- сағат ішінде БЖФД-ға электрондық пошта арқылы жіберілуі тиіс.



6.7. Наразылық барлық материалдар келіп түскен сәттен бастап 7 күннен кешіктірмей қаралады.

6.8. Наразылық беруге байланысты қажетті материалдарды клуб матч аяқталған күннен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей немесе БЖФД-ның талабы бойынша 24 сағат ішінде ұсынуы тиіс.

6.9. Наразылықтың мазмұнын құрайтын мән-жайлар тиісті материалдармен расталуы тиіс, атап айтқанда: матч хаттамасындағы және Лиганың Бас төрешісінің рапортындағы жазбалар, төрешілердің рапорттары және/немесе мән-жайларды объективті әрі толық зерделеуге ықпал ететін өзге де құжаттар.

6.10. Наразылық берген лауазымды тұлғалар наразылықта көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы мен объективтілігі үшін жауапты болады. Егер наразылықта жалған, бұрмаланған мәліметтер болса, сондай-ақ матч хаттамасына наразылық туралы жазба енгізіліп, бірақ клуб материалдарды ҚФФ-ға жіберу бойынша одан арғы қажетті әрекеттерді жасамаса, БТЭК футбол клубына немесе наразылық берген тұлғаларға «ҚФФ Тәртіптік регламентіне» сәйкес санкциялар қолданады.

